

"Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу және пайдалану жөніндегі концессиялық келісімнің шеңберінде мемлекеттің кепілдігін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 тамыздағы N 875 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін (бұдан әрі - Объект) салу және пайдалану жөніндегі концессиялық келісімнің шеңберінде Кепілдік шартының жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан мемлекетке берілетін объектінің құнына сәйкес келетін және 21427000000 (жиырма бір миллиард төрт жүз жиырма жеті миллион) теңгеден және Концессия объектісін салу кезеңінде шығарылғын инфрақұрылымдық облигациялардың айналымы кезеңінде орналастырылған облигацияларға есептелген сыйақыдан (мүддеден) аспайтын сомада Кепілдік шартын жасасуға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.17. N 698 Қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005

жылғы

25

тамыздағы

N 875

қаулысымен

мақұлданған

Кепілдік шарты

Астана қаласы

2005 жылғы "___" _____

Бұдан әрі "Кепілгер" деп аталатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бұдан әрі "Облигацияларды ұстаушылардың өкілі" деп аталатын "АСҚ Банкі" акционерлік қоғамы, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, мыналарды назарға ала отырып:

1) "Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қаңтардағы N 21 қаулысын ;

2) "Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу және пайдалану жөнінде концессиялық келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 668 қаулысын ;

3) "Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу жобасын іске асыру" жөніндегі концессиялық келісімнің шеңберінде мемлекеттің кепілдігін беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің _____ N __ қаулысын,

"Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісінің құрылысын қаржыландыру үшін Алматы қаласы, Зеньков көшесі, 80, индексі 050010 мекен-жайында орналасқан " Досжан темір жолы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Эмитент) шығарған инфрақұрылымдық облигацияларды ұстаушылардың пайдасына осы Кепілдік шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Түсініктер мен терминдер

1. Осы кепілдікте бас әріппен көрсетілген, бірақ осы кепілдікте өзгеше анықталмаған терминдердің Концессиялық келісімде белгілі бір мәні бар.

2. Қарыз беруші - Жобаны қаржыландыру үшін Эмитент шығарған инфрақұрылымдық облигацияларды сатып алған тұлға.

"Қарыз беруші" термині олардың құқығына сәйкес кез келген кейінгі құқықтық мирасқорлар мен цессионарийлерді қамтиды.

3. Жоба - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Эмитент арасында жасалған концессиялық келісімнің шеңберінде "Шар - Өскемен" жаңа темір жол желісін салудың жобасы.

4. Облигациялық қарыз - Жобаны қаржыландыру үшін инфрақұрылымдық облигацияларды шығару жолымен Эмитент тартатын қарыз.

2. Шарттың мәні

1. Кепілгер мемлекетке берілетін объектінің тиісті құнына сәйкес келетін және 21427000000 (жиырма бір миллиард төрт жүз жиырма жеті миллион) теңгеден және Концессия объектісін салу кезеңінде шығарылғын инфрақұрылымдық облигациялардың айналымы кезеңінде орналастырылған облигацияларға есептелген сыйақыдан (мүддеден) аспайтын сомада Эмитенттің міндеттемелерін орындау үшін субсидиялық жауаптылықта болады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.17. N 698 Қаулысымен .

2. Кепілгердің орналасқан жері бойынша өтеу күні басталғаннан кейін (эмиссия проспектісінде анықталғандай) 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кейін басталатын күнге дейін кез келген уақытта Кепілгерге талаптар берілуі мүмкін. Қолданылуы өткен күнге дейін талаптар ұсынылған кезінде осы кепілдік Кепілгер талаптарды толық төлегенге

дейін күшінде (оның ішінде, қолданылу мерзімі өткен күннен кейін де) қалады. Егер Кепілгерге ешқандай талап берілмесе, қолданылу мерзімі өткен күннен кейін кепілдіктің қолданылуы өтіп кетеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.17. N 698 Қаулысымен.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Кепілгердің міндеттемелерді орындағаннан кейін Кепілгердің Облигацияларды ұстаушылардың өкілінен Эмитентке талапты куәландыратын құжаттарды алуға құқығы бар.

2. Кепілгер :

1) Облигацияларды ұстаушылар өкілінің талабы бойынша Облигациялық қарыздың шарттары бойынша Эмитент төлемеген, мемлекетке берілетін объектінің құнына сәйкес келетін және осы Шарттың 2-тарауының 1-тармағында көзделген кепілгерлік сомадан аспайтын соманы Қарыз берушілерге төлеуге. Бұл ретте, Кепілгер осы Кепілгерлік бойынша талаптар төленбеген сомаға бір немесе одан да көп рет ұсынылатынын таниды ;

2) кепілгерлік сомасынан аспайтын соманың шегінде Облигацияларды ұстаушылар өкілінің талаптарын алғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде. Облигациялық қарыздың шарттары бойынша Эмитент төлемеген соманы төлеуге міндетті.

3. Облигацияларды ұстаушылар өкілінің:

1) Кепілгерден Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын талап етуге;
2) егер Эмитент эмиссия проспектісінде белгіленген өтеу күніне немесе сыйақы төлеу күніне міндеттемені қанағаттандырудан бас тартса немесе толығымен орындамаса немесе Облигацияларды ұстаушылардың өкілі парасатты мерзімде ұсынылған талапқа одан жауап алмаса, орындалмаған бөлікте Кепілгерге талап қоюға құқығы бар.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.17. N 698 Қаулысымен .

4. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі:

1) Кепілгерге талаптарды ұсынғанға дейін Эмитенттің талаптарды ұсынуға;
2) Кепілгерге талаптарды ұсынғанға дейін Эмитенттің талаптарды қанағаттандыруына парасатты шаралар қабылдауға;
3) Кепілгердің міндеттемелерді орындауы бойынша Кепілгерге Эмитентке талапты куәландыратын құжаттарды тапсыруға міндетті.

4. Шарттың қолданылу мерзімі

Шарт заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және Облигациялық қарыз бойынша және Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданыста болады.

5. Өзге де шарттар

1. Шарт бойынша барлық талаптар, хабарлар мен хабарламалар жазбаша нысанда жасалады және осы күндердің қайсысының кешірек түсуіне байланысты жеткізу күні немесе көрсетілген күні (егер осы күн хабарламада көрсетілсе) алынған болып е с е п т е л е д і .

2. Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға, Шартты бір жақты өзгертуге және (немесе) толықтыруға жол берілмейді.

3. Тараптар қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша барлық міндеттемелер олардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

4. Шарттан туындаған Тараптар арасындағы немесе онымен байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың келіссөздері жолымен шешіледі. Келісуге қол жетпеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот т ә р т і б і м е н ш е ш і л е д і .

5. Шарт бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада, әрбір Тарап үшін бір-бір данадан жасалды.

6. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік деректемелері

Кепілгер:

өкілі:

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі атынан Қазақстан
Республикасының Үкіметі
010000, Астана қаласы
Жеңіс даңғылы, 11
Министрліктер үйі

БСК 195301070

СТН 032200000017

Облигацияларды ұстаушылардың

"АСҚ Банкі" АҚ
Алматы қаласы,
Фурманов көшесі, 100,
индексі 050000
СТН 600900079718,
ҚР ҰБ УПС-дегі кор.шот
N 800161226
БСК 190201125

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

А. Дунаев

Т. Исатаев

"АСҚ Банкі" АҚ
Басқармасының төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК